

Айтиев бастауыш мектебі

**Ата-аналармен
жұмыс**



Танатарова Шолпан Каратаевна

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»

Әль-Фараби

Мақсаты:

Мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Ата-аналарды оқу тәрбие үрдісіне түрлі әрекеттер арқылы тарту.

Ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту-оқу жұмысын ұйымдастыру.

Ата-аналарды бірлескен әрекетке тарту.

Ата-аналарды этикалық кодекспен таныстыру.



Ата-ананың міндеті



Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы



Мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу



Мектептегі ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу



Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркіңізбен оқу-тәрбие іс-шараларына қаржылық көмек көрсету



Сабақтан келген балаңыз күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету

Ата-аналарымен байланыс жасау кейбір жолдары

Оқушының жанұясына барып тұру

- Бұл ата-аналармен жеке жұмыс істеудің неғұрлым кең тараған және тиімді түрі. Жанұяға барғанда сынып жетекшісі өз оқушының үйдегі өмірімен, тұрмыс жағдайымен танысады.
- Ата-аналарымен және жанұяның басқа мүшелерімен әңгімелескенде сынып жетекшісі оқушының мінезі, қызығуы мен икемділігі туралы ата-аналарына, үлкендер мен кішілерге қарым-қатынасы туралы мағлұматтар алады.

Хат алмасу

- Кейбір сынып жетекшілері ата-аналармен хат жазысып тұру түрін қолданады. Хат арқылы оқушысының үлгерімі мен тәртібі туралы хабарлап тұрады. Кейде хат жазғанда ата-аналардан жанұя тәрбиесіндегі қиындықтар туралы сұрауға, бала тәрбиесі жөнінде олар қандай әдебиеттер оқитынын біліп, ол жөнінде тиісті жаңа кітаптар ұсынуга болады.
- Ата-аналармен хат жазысуға оқушының күнделік дәптері пайдаланылады. Сынып жетекшілері онда оқушының оқуға, қоғамдық жұмысқа қатысы, тәртібі туралы қысқаша жазып отырады.

Сыныптық ата-аналар жиналысы.

- Бұл сынып жетекшісінің жанұямен байланысының аса маңызды бір түрі. Сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының жайымен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып отыру үшін мұндай оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі.
- Олардың мақсаты ата-аналарды нақтылы педагогикалық біліммен қаруландырып, жанұяда бала тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы тәжірибесімен таныстырып отыру болып табылады. Біз, сынып жетекшілері ең бірінші өзіміздің жетекшілік етіп отырған сыныбымыздың ата-аналарына арнаған педагогикалық білімдерді насихаттау үшін әңгімелер мен лекциялар өткізуіміз керек.

Кездесулер

- Ата-аналарын мектепке тек баласы тәртіп бұзғанда немесе жаман оқи бастағанда ғана шақырмау керек. Кейде оқушы өзін жақсы ұстайды, жақсы оқиды, бірақ ол сыныптан тыс шараларға, қандай да бір қоғамдық пайдалы жұмысқа, т.б. қатыспайды.
- Баланың белгілі бір саладағы дарынын дамытуға қажетті жағдайлар жасау туралы да ата-аналармен келісіп алуы керек.

Ата-аналар мектеп мұғалімдерімен кездесіп отыру өте қажет. Ол кездесулер мектеп пен жанұя арасында тығыз байланыс орнатуға, оқушылардың оқуымен тәртібінде кемшіліктерді болдырмауы үшін дер кезінде шара қолдануға мүмкіндік береді

**Бала мен ата-ананың
шығармашылық
күні**



**Ашық есік пен
сыныптан тыс іс-
шара**



**Ата-аналардың оқу
тәрбие үрдісіне түрлі
әрекеттер арқылы тарту**


**Ата-аналардың
мектеп кеңесі
жұмысына қатысуы**

Ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту-оқу жұмысын ұйымдастыру

Тәрбиенің жекелеген мәселелері бойынша ата-аналарға семинар, конференция өткізу

Психологиялық, педагогикалық, медициналық, заң туралы кеңестер.

Тренингтер



**Ата-аналарды
бірлескен әрекетке
тарту**

**Саяхат, сенбілік,
жөндеу жұмыстары**

**Жалпы мектепшілік
дәстүрлі іс-шараларды
ұйымдастыруға ата-
аналарды қатыстыру**




**Отбасылық ойын
байқаулары**



Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан берілетін 14 кеңес:

1. Таңертен (не түсте) сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үніңіз бен күлкіңіз-ақ ұйқысын ашуы тиіс. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жұқартпаңыз. Тамағын ішпей жатып ұрыс-керіс ұйымдастырмаңыз.
2. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
3. Баланы сабаққа (әсіресе таңертен) ашқұрсақ жібермеңіз;
4. «Бұзық болма!», «Қисаландамай тыныш жүр!», «Бүгін 2 алсаң құртамын!» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік білдіріңіз;
5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балыңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз. Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірдеңені айтпақшы болса, «сені тындауға уақытым жоқ» демей, арнайы көңіл бөліп, мұқият тыңдаңыз;
6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады;
7. Бала бірдеңеге қылығы үшін мұғалім сізді шақыртып алса, өзара әңгімеге баланы қатыстырмаңыз;
8. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі-сабаққа әзірленудің сәтті кезі.
9. Бір мезгілдіе барлық сабаққа әзірлену талап етпеңіз. Әр сабаққа әзірленген кезде үзіліс жасау дұрыс;
10. Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.
11. «Егер, сен, осы сабақты орындамасаң!» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз.
12. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз.
13. Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.
14. Егер балаңыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз. Халық даналығында:
«Баланы 5-ке дейін патшандай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла,» - деген керемет ұлағатты нақыл бар.
Соны әрдайым басшылыққа алыңыз.



Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарының бағыттары мен түрлері

Р. с.	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрлері	мерзімі	Өткізілген жұмыстың маңызы
1	Ата-аналар жиналысы	Жиналыс, дөңгелек үстел	Әр тоқсан сайын	Ата-аналармен ой бөлесу
2	Ата-аналар комитетін сайлау	Жиналыс	Оқу жылының басы	Жыл бойы оқушылармен жұмыстану
3	Үлгерімі орташа оқушылардың ата-аналарымен кездесу	Әңгімелесу	Үнемі	Орташа оқитын оқушылардың білім сапасын көтеру
4	Озат және екпінді оқушылардың ата-аналарымен кездесу	Әңгімелесу	Үнемі	Оқушылардың жан-жақты білім алуы мақсатында
5	Ата-аналар комитетінің отырысын өткізу	Жиналыс	Қажетті жағдайда	Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты қалыптастыру
6	Ата-аналармен тәрбие жұмыстарын өткізу	Әр түрлі формада	Жоспар бойынша	Ата-ана мен бала арасында қарым-қатынас қалыптастыру
7	Ата-аналарды сабаққа, ашық есік күндері мектепке шақыру		Үнемі	Мектеп, мұғалімдер, ата-аналар арасында байланыс қалыптастыру
8	Бала мен ата-ананың шығармашылық күні	Әр түрлі формада	Тоқсан сайын	Мұғалімдер мен ата-аналар арасында байланыс қалыптастыру
9	Әр түрлі мектепшілік шараларға қатысу	Ой-бөлесу, әңгімелесу	Қажет болғанда	Мектеп пен ата-аналар арасында байланыс қалыптастыру
10	Ата-аналардың жұмысын қорытындылау	Жиналыс	Жыл соңында	Мектеп пен ата-аналар арасында байланыс қалыптастырып, олардың жауапкершілігін арттыру

Ата-аналарға арналған этикалық кодекс

1. Мектеп білім ошағы екенін есте ұстаңыз.

2. Мұғалімнің қоғамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз.

3. Бала тәрбиесі тек мұғалімнің ісі емес, ортақ іс екенін ұмытпаңыз.

4. Мектеп туралы, мектепте болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып, бөгде орындарға таратпаңыз.

5. Мектеп – балаңыздың екінші үйі екенін түсінсеңіз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімін деп есептеңіз.

6. Мектепшілік және сыныптағы ата-аналар жиналысынан қалыс қалмаңыз.

7. Өз балаңыздың мектептен тыс уақыттағы өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қараңыз.

8. Балаңыз сапалы білім алсын десеңіз оған мектепке қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы алып беріңіз.

9. Балаңыздың денсаулығы мен жеке басының тазалығына және киіміне жауапты қараңыз.

10. Өз уақытымен балаңыздың оқу процесін, күнделігін, дәптерін қадағалап отырыңыз.

11. Егер мектепке сабақ уақытында келсеңіз, сынып жетекшісін немесе балаңызды арнайы күту орнында күтіңіз.

12. Өз мүмкіндігіңізге қарай мектепте өтілетін, аудан көлемінде өтілетін мерекелік шараларға, байқауларға қатысыңыз.

13. Өз еріктерімен әрбір ата-ана мектепке ұйымдастырушылық, ақпараттық және материалдық көмек көрсете алады.

14. Мектеп ішінде, сыныпта бола қалған қиын мәселелі жағдайларда оны мынадай тәртіппен шешуге тырысыңыз:

1. Сынып жетекшісі;

2. Пән мұғалімі (қажет жағдайда);

3. Мектеп меңгерушісі;

4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары/базалық мектеп/;

5. Әлеуметтік педагог/базалық мектеп ;

6. Базалық мектеп басшысы.

**«Тек қана ата-аналармен
бірге, жалпы күш-жігерді
біріктіру арқасында мұға-
лімдер балаларға үлкен
адамдық бағыт беруі
мүмкін»**

В.А.Сухомлинский

Баланың сапалы білім алуы мұғалімге, балаға, ата-анаға байланысты



Кәсіби шеберлік
Біліктілігі
Жеке бас ерекшелігі
Білім,білік дағдыларын
бағалауы



Мотив
Зейінді
Өз бетімен жұмыстану
Шығармашылық
Сыныптан тыс
шараларға қатысу



Көңіл-күй
Денсаулық сақтау
Материалдық
Уақыт бөлу
Бағыттау
Қадағалау
Көмектесу Қылықтарын
білу





Назарларыңызға
рахмет!